

**№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ
психологиялық қызмет бойынша 2023-2024 оқу жылдарының жылдық
жұмыстар есебі**

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылдарының жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – картасын, үйде оқытылатын оқушыларға мінездеме дайындаудан басталды, оқушылар туралы мәлімет жинақталып, арнайы папка арналды.

Әлеуметтік бағыт бойынша ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Ерекше білім қажет ететін оқушыларлың мінездемесі жазылып, формалары толтырылды.


Аудандық білім бөліміне өзіміз жайлы мәлімет жазылып тапсырылды 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жұмысы жүргізілді. «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы алынып, әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне және де ата-аналарға ұсыныстар берілді. Оқушыларға бесінші сыныпқа бейімделуіне жаттығулар мен ойындар жүргізілді.

Оқушылармен «Социометрия» әдістемесі жүргізіліп шықан нәтижесі бойынша сынып жетекшілеріне таныстырылып. Қарым-қатынас реттеу мақсатында психолог тарапынан психологиялық сабактар жүргізілді.

Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бірінші сынып оқушыларын зерттеу барысында мектепке дайындығы төмен оқушыларға түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.




Бұл оқушылардың даму деңгейі туралы сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар берілді.



Оқушылардың арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқтың алдын-алу бойынша «Бес терек» жобасы бойынша кабинеттік талдауы негізінде тәуекел тобының «Қызыл, сары, жасыл» деңгейлері анықталды.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 9-11 сынып оқушы қыздарымен «Ерте жүктіліктің зияны» жөнінде баяндама оқылып кеңестер беріліп, «Қыз қылышымен көрікті» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жүрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу.



Салауатты өмір салтын қалыптастырудың ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескеrtlілді. 1,2 -сынып оқушыларына әртүрлі тақырыпта түзету жұмыстары жүргізіліп отырылды.



Қараша айының 18-19 аралығында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» іс-шарасы ұйымдастырылып, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» оқушыларымен тренинг, ата-аналарға «Отбасымызда зорлық-зомбылыққа жол

жоқ» тренингтер өткізіліп, мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қараша айында пед кеңесте жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында мұғалімдерге «Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлықтың өзіндік психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9 -сынып оқушыларына «Буллинг және кибербуллинг алдын алу әдістері мен күресу жолдары» тақырыбында психологиялық тренинг сабак өткізілді.

Қарашаның 11-не «Білімдіге дүние жарық» тақырыбында 1-сынып ата-аналарына тренинг өткізілді.



Қарашаның 30-на «Тәрбиенің ең тамаша мектебі –отбасы» тақырыбында 2-сынып ата-аналарына тренинг өткізілді.



Желтоқсанның 11-не 9-сынып оқушыларына психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту мақсатында «Менің көзіл-күйім» тақырыбында тренинг өткізілді.

Желтоқсанның 21-не 10-сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Желтоқсан айында ата –аналар жиналысында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Желтоқсанның 21-27 күндері аралығында өткізілетін «Ішкі үйлесімділік-көніл-күйдің бақшасы» тақырыбында іс-шара жоспарына сәйкес педагогикалық ұжымға ««Өзара түсіністік өнері» психологиялық тренинг сабак өткізілді, оқушыларға тренингтер өткізілді.



Әскер қатарына шақырылатын ұл балалардың мінезін, темперамент типін анықтап, олармен әңгіме, кеңестер жүргізіліп, мінездеме жазылды.

Желтоқсанның 27-не 4-сынып ата-аналарына «Отбасы құндылығы-отбасы жылу» тақырыбында тренинг өткізілді.




Желтоқсанның 28-не 3-сынып ата-аналарына «Әрбір бала-жарық жүлдыш» тақырыбында тренинг өткізілді. Қантардың біріне 4-сынып оқушыларына «Бірге жүрген көнілді» тақырыбында танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында түзету жұмысы жүргізілді.




Қантардың 15-не 4-сынып оқушыларына темпераменттерін анықтау, сонымен қатар пәнге қызығушылығын анықтау жұмыстары жүргізілді. Ақпанның 05-17 күндері аралығында білім бөлімінен келген «Досбол LIKE» достық қолын ұсын»

акциясы шенберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоциялдық әл-әуқатын дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілді.



Ақпанның 2-8 аралығында 3, 4- сынып оқушыларына танымдық қабілеттерін түзету дамыту жұмысы жүргізілді.



Ақпанның 13-не 1- сынып оқушыларына «Мектептегі-көңіл қүйім» тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді. Ақпанның 27-не 2-4- сынып оқушыларына «Бірге жүрген көңілді» тақырыбында тренинг өткізілді.



ЕББҚ оқушыларына түзету сабактары жоспар бойынша жүргізіліп отырылды. Оқушыларға Айзенк әдістемесі бойынша оқушылардың темперамент типі анықталып сынып жетекшілерге таныстырылды.

Ақпанның 21-23 күндері аралығында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 4,7 - сынып оқушыларына «Stop bullying» 3-күндік акциясы жүргізілді



«Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша ұлдар жиналышын өткізілді.



Наурыздың 10-12 күндері аралығында 5-8 сынып оқушыларымен тұзету дамыту сабактары жүргізілді.




Сәуірдің 11-12 күндері Мад тобтарыны мектепке дайындығын анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді. Мад тобының зерттеу нәтижесі бойынша сәуірдің 15 күні «Танымдық қабілеттерін дамыту» тренинг жаттығулары өткізілді.



Сәуірдің 30 күні мектебімізде «Мектеп өмірімнің бір күні» тақырыбында ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні үйымдастырылып өткізілді, онда «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында ата-аналарға отбасында мейірімді қарым-қатынас орнату мақсатында тренинг өткізілді. Мамыр айында 9 –сынып оқушыларына, оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру, және қызығушылық қабілетін айқындау мақсатында Д.Голлонд тест жұмысы алынды.

Мамыр айында «Қызыңғы мен көрікті» тақырыбында 5-11 сынып қыздарымен психологиялық тренинг өткізілді.



Жас мамандармен “ Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман” тақырыбында тренинг өткізіліп, психологиялық кеңес берілді. Жаңадан келген оқушылардың жеке істерін зерделеу жұмысы жүргізілді. Үйде оқытылатын оқушылармен аптасына жоспар бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырылды. Мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, әр бір ашылған сенім жәшігі қаралып хаттама түзіліп отырды. Кезінде сынып жетекшілердің, мұғалімдердің сұраныстары бойынша, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп кеңес журналына тіркелді. Психологиялық қызмет бойынша, кезінде суицидтің алдын алу мақсатында өткізілетін семинарларға, конференцияларға, т.б. іс-шараларға қатысып отырдық.

Педагог психолог: 
А.Сармантаева,

Р.Дүйсенова